




Т.Рысқұлов ауданының жалпы білім
беру ұйымдарының ата-аналары
мен ата-аналар комитеттерінің
төрағаларына

Құрметті ата-аналар!

*Міндетті мектеп формасына
қойылатын талаптарды
сақтау туралы*

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2026 жылы 9 қыркүйектегі № 03-4270 санды хатына сәйкес хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады.

Конституцияның 33-бабының 5-тармағында: «Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарындағы білім беру және тәрбие беру жүйесі, діни (діни білім беру) ұйымдарын қоспағанда, зайырлы сипатта болады» деп бекітілген.

Конституцияның 36-бабына сәйкес, әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3 бабының, 7-тармағына сәйкес ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ. Аталған Заңға сәйкес Қазақстан Республикасындағы білім беру және тәрбиелеу жүйесі (рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда) дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.

Еліміздің заңнамасында мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау бойынша ата-аналарға және оқушыларға нақты міндеттер жүктелген.

ҚР «Білім туралы» Заңының 47 бабының 15-1 тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

Сонымен қатар, өзге білім беру ұйымдарында (колледждерде) білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

Ата-аналар ҚР «Білім туралы» Заңының 49 бабы, 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға, 6) тармақшасында көзделген білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, 7) тармақшасында көзделген білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен «Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты» бекітілген.

Ата-ана мен мектеп арасында жасалатын шартта ата-аналар мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілген.

Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.


Талаптардың 13 тармағына сәйкес, мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мектеп формасын енгізу мәселесі білім беру мекемесінің құзыретіне жатады. Білім алушылармен және олардың ата-аналарымен қатынастарды, оның ішінде мектеп формасына қатысты мәселелерді реттеу тәртібі білім беру ұйымының Жарғысымен және ішкі тәртібімен реттеледі.

Сондықтан жаңа 2026-2027 оқу жылында ұл-қыздарыңыздың білім беру ұйымына міндетті мектеп формасымен келулерін қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз.

Міндетті мектеп формасын сақтамайтын оқушылардың ата-аналарына қатысты ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделгенін ескертеміз.

Басшының м.а.



А.Беделбаев

Орындаған: Г. Абдиева
Тел: 87474736727